

ТҮСІНІКТЕМЕЛЕРМЕН ҚОСА НЕГІЗГІ ӨЗГЕРІСТЕРГЕ ШОЛУ ЖАСАУ
ТҮЙІМ САЛЫНҒАН ТІЗІМ 2018 ЖЫЛ

**Барлық уақытта (жарыс және жарыстан тыс кезеңдерде) тыйым
салынған субстанциялар мен әдістер
Тыйым салынған субстанциялар**

S1 Анаболикалық агенттер

- Дигидротестостерон енді халықаралық патенттелмеген атауды (ХПА) қолдана отырып жазылған (андростанолон)

1-androsterone (3 α -hydroxy-5 α -androst-1-ene-17-one) S1 тарауына экзогендік анаболикалық стероидтардың мысалы ретінде енгізілген.
- LGD-4033 және RAD140 SARM қосымша мысалдары ретінде енгізілген.

S2 Пептидтік гормондар, өсу факторлары, олармен байланысты субстанциялар мен миметикалар

- S2 тарауы нақтылық және айқындылық үшін қайта жасалынған.
- Бұл тараудан ARФ290 алып тасталынған, себебі жақындағы публикациялар оның аталған тарауға енгізу өлшемдеріне сәйкес келмейтіндігін куәландырады.
- 2.1. тарауда мысалдар ретінде деслорелин, гозерелин, нафарелин және трипторелин қосылған.
- 2.3. тарауға өсу гормондарының үзінділері қосылған, ал мысалдар ретінде AOD-9604 және Hgh-176-191, ал GHRH мысалы ретінде CJC қосылған, сондай-ақ ГР секретагогының тағы бір мысалы ретінде табиморелин қосылған. GHRP мысалдары ретінде GHRP-1, -3, -4 және -5 қосылған.
- Тимозин-34 және оның туындылары, мысалы ТВ-500 тыйым салынған өсу факторларының мысалы ретінде енгізілген.

- Кобальт: құрамында кобальт бар В12 дәруменіне тыйым салынбағандығын қайталап түсіндіремін.

S3 Бета-2 агонистер

- Сальбутамолдың мөлшерлеу өлшемдері сальбутамолдың мөлшері кез келген 12 сағат ішінде 800 микрограммнан аса алмайтындығын айқын көрсету үшін қайта қаралды (суретті қараңыз).

Сальбутамолдың ингаляциясы: 24 сағат ішінде максимум 1600 мкг, бірақ әр 12 сағат сайын 800 мкг артық емес

кез келген 12 сағаттық кезең

- Мысал ретінде тулобутерол қосылған;
- Несептегі шектік концентрациялар туралы ереже пысықталды.

S 4 Зат алмасудағы гормондар мен модуляторлар

- Кломифен үшін енді оның ХПА көрсетіледі.
- ХПА жоқтығына байланысты GW1516 IUPAC номенклатурасы бойынша келтірілген: 2-(2-methyl-4-((4- methyl-2-(4-(trifluoromethyl) phenyl)thiazol-5-yl) methyl(thio) phenoxy) acetic acid, сонымен қатар баламалы атауы келтірілген (GW501516).
- SR9009, агонист Rev-Erb-a АМФ белсендіргіші белсендендіруші протеинкиназы (АМФК) ретінде қосылған.

S 5 Диуретиктер мен жасырын агенттер

- глицериннің спортшының плазма көлеміне және спортшының биологиялық төлқұжатының өлшемдеріне әсер ету қабілетіне қатысты 2012 жылдан бастап ғылыми мақалаларда жарияланған ақпаратты есепке ала отырып, глицеринді қолданумен байланысты әсерлердің ауқымы ең аз деп бағаланады. Осы себеп бойынша глицерин Тыйым салынған тізімнен алып тасталынды.

Тыйым салынған әдістер

M2 Химиялық және физикалық қимылдар

- M2.2: тамыр ішілік инфузияның рұқсат етілген көлемі және уақытша интервалы көлемі 6 сағаттық кезеңде 50 мл аспайтын инфузиядан 12 сағаттық кезеңде жалпы көлемі 100 мл аспайтын инфузияға ауыстырылды, бұл тыйым салынбаған субстанцияларды икемді қауіпсіз енгізуге мүмкіндік жасау үшін жүргізілді, мысалы терапиялық мақсатта темірді енгізу.
- Медициналық тәжірибені бейнелеу үшін «госпитализация» «стационарда емдеуге» ауыстырылды, ал «клиникалық зерттеу» «клиникалық диагностика» деп нақтыланды.

M3 Гендік допинг

- Анықтама гендік қимылдардың іс жүзінде бар және жаңа технологияларын қосу үшін қайта қаралды.

Жарыс кезеңінде тыйым салынған субстанциялар

S8 Каннабионидтер

- «Каннабионидтер» тарауындағы санат» яғни «Spice, JWN-073, HU210» «Синтетикалық каннабионидтерге, мысалы 9-тетрагидроканнабинолға (ТГК) және басқа каннабимиметиктерге» ауыстырылды. Синтетикалық каннабионидтер жаңа психикалық белсенді заттардың негізгі санаттарының бірі болып табылады, онда үнемі жаңа өнімдер пайда болады немесе олардың қолжетімділігі өзгереді. Мысалдардың алдыңғы тізімі тыйым салынған боылып қалады, бірақ қазіргі уақытта сирек қолданылады. «Басқа каннабимиметиктер» бұл мысалдарды ауыстырады.
- Каннабидиолға бұдан әрі тыйым салынбайды. Синтетикалық каннабидиол каннабимиметик болып табылмайды, алайда каннабис өсімдіктерінен алынған каннабидиол тыйым салынған субстанция болып қалған ТГК әртүрлі концентрациясынан тұруы мүмкін.

S8 Глюкокортикоидтер

- Нақтылық үшін жиі қолданылатын глюкокортикоидтердің мысалдары келтірілген.

Спорттың жеке түрлерінде тыйым салынған субстанциялар

P1 Алкоголь

• Егжей-тегжейлі талдаудан кейін және жан-жақты кеңестерден кейін алкоголь Тыйым салынған тізімнен алып тасталынды. Бұл өзгерістің мақсаты алкоголь ішу алаңдаушылық туғызатын кез келген спорттың бүтінділігіне немесе қауіпсіздігіне залал келтіру болып табылмайды, бірақ оның мақсаты спорттың бұл түрлерінде алкогольды ісуге тыйым салудың басқа әдістерін ендіру болып табылады. Бұл өзгерісті қозғайтын төрт халықаралық федерация (ХФ) өз ережелерін өзгертуі үшін және алкогольды қабылдаушылыққа тексеру өткізу және өз спорт түрінің ережелерін сақтамайтын спортшыларды жазалау хаттамаларын ендіру үшін алдын-ала ескертілді. Процесске бақылау жасау ХФ ережелерді икемді қолдануға немесе өзінің қарауы бойынша шектік мәндерді қалыптастыруға мүмкіндік береді. Допингке қарсы ұлттық ұйымдар енді тесттер өткізуге міндетті емес, бірақ ХФ немесе ұлттық федерацияларға қажет болған жағдайда көмек көрсете алады.

P2 Бета-тежегіштер

- Логикалық келісімділік үшін бұдан ертеде «P2. Бета-тежегіштер» ретінде белгілі болған санат «P1. Бета-тежегіштер» болып қайта аталды.

Мониторинг бағдарламасы

Спортта оларды теріс пайдалану деңгейін бағалау үшін мониторинг бағдарламасына қосылды:

- жарыс кезеңінде, сонымен қатар *жарыстан тыс кезеңде* 2-ethylsulfanyl-1H-benzimidazole (бемитил);

- *жарыс кезеңінде* гидрокодон.

Олардың көп таралғандығына қатысты қажетті ақпарат алынғандығына байланысты митрагинин және телмисартан мониторинг бағдарламасынан алып тасталынды.